

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН «МӘДЕНИЕТТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

¹«Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (100008, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 40; e-mail: info@qmu.kz)

***Айгуль Арыслановна Ахатова** – «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры; 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 40; e-mail: aigul-479@mail.ru

Зерттеудің мақсаты. Медициналық білім алушылар үшін мәдениеттану пәнінің маңыздылығын түсіндіре отырып, аталған пәннің әлеуметтік дамудың негізгі шешуші фактор екендігін дәлелдеу.

Материалдар және әдістер. Мақаланың ғылыми-әдістемелік негізі ретінде осы тақырып бойынша зерттеліп, баспадан шыққан еңбектер қолданылды. Зерттеулерді топтастыру мәселесімен шұғылданған ғалымдардың еңбектерін қарастыру барысында және оларды сараптап, талдау жасау кезінде: тарихи-объективтік, логикалық, жүйелілік, салыстырмалы талдау т.б. әдістері пайдаланыла отырып, тарихи-объективтік принципі негізінде орындалды.

Нәтижелер және талқылау. Медициналық білім беруде мәдениеттану пәнін оқытудағы білім берудің өзектілігі талданды. Мәдениеттанудың интегративті сипаты кез келген салада мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыруды кеңейтеді. Таза білім беру міндеттерінен басқа, мәдениеттану медицина мен мәдениеттің тығыз онтологиялық байланысын көрсетеді. Медицина адам туралы білімінде тек рационалды, логикалық аспектілермен шектеле алмайды. Дәрігер, адамның эмоционалды-рухани жағын көруге және сезінуге, оның кәсіби міндеттерін орындау барысында оның маңыздылығын ескеруге, оларға әсер ете білуге міндетті.

Қорытынды. Авторлар мәдениеттанудың пәнаралық сипатын және зерттеу пәнінің мазмұнын анықтай отырып, медициналық университеттердің білім беру кеңістігінде «мәдениет» терминін түсіндіруге назар аударып, мәдениет пен медицинаның байланысын қарастырады. Мәдениет пен медицина одағының мүмкіндігін анықтай отырып, авторлар «медициналық мәдениет» ұғымына түсінік береді. Медициналық мәдениет – бұл күрделі және көп қырлы әлеуметтік-мәдени құбылыс, онда жеке адамның және тұтас қоғамның денсаулығы мен өмір сапасы, адам өмірінің ерекшеліктері көрініс табады. Мәдениеттанудың интегративті сипатын ескере отырып, авторлар оның жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру саласындағы бірегей мүмкіндіктерін көрсетеді. Талдау нәтижесінде медициналық білім беруде мәдени білімнің қажеттілігі туралы ұстаным дәлелденеді.

Кілт сөздер: медициналық мәдениет; мәдениеттану; адамгершілік; жоғары медициналық білім; мәдениетті адам; гуманитарлық білім

КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандану заманында, интеграциялық даму жолында бәсекеге қабілеттілік мәселесі жиі айтылады. Бәсекеге қабілетті болу - заман талабы. Ал бәсекеге қабілетті болу үшін ғылым мен білімнің негізін көтеру керек. Кез-келген жас маман өзі таңдап алған кәсібінің қыр-сырын ғана білумен шектелмей, сол саладағы жаңа технологияларды, жаңаша ойлауды, белгілі ортаға икемді қарым-қатынастарды қалыптастыруды үйреніп, заман талабына сай қолдана білсе, бәсекеге қабілетті болары сөзсіз. Студенттерді заманауи ғылым жетістіктерімен қаруландыра отырып, әлеуметтендіру процесіне бейімдеп жіберу ең алдымен оқытушыларға жүктелген міндет. Әсіресе, арнайы пәндерден дәріс беретін оқытушылардың кәсіби шеберлігін үнемі шыңдап, білімі мен біліктілігін көтеріп отыру қажет. Оқытушылар, яғни біздер тек қана жоғары білікті мамандар даярлап қана қоймай, жастарды патриотты, жоғары мәдениетті, толе-

рантты және өмірге жауапкершілікпен қарайтын рухта тәрбиелеп, адами капиталды қалыптастыру керек. Адами капитал болмаса, ел дамымайды. Өйткені ғылыми прогресті дамытатын – адам баласы. Адам баласының интеллекті, ақыл-ойы, білімі болмаса, ол қалай дамиды? Адами капиталдың іргетасы білім және денсаулық, ал оның ықпалы ұзақ мерзімге негізделген. Дағдарыстан шығар жол таңдауда адам баласына серпінді шешім керек. Ал бұл шешімді ақыл-ойға, шеберлікке, кәсіпқойлыққа, біліктілікке сүйене отырып табуға болады. Осы тұста, бүгінгі студент-ертеңгі білікті маман екенін ескерсек, мәдениеттану пәнінің маңыздылығы мен жас мамандар даярлауда қажеттілігіне баса назар аударған жөн.

Білім беру белгілі бір тарихи процестерге байланысты өзгерістерге ұшырап, реформаланып отыратыны белгілі. Дегенмен де, көптеген мәселелерді қарастыру барысында гуманитарлық емес жоғары оқу орындарында, болашақ маманның жеке басының гуманистік бағытын қалыптастыру мәселесі назардан тыс қалмауы

тиіс. Әлеуметтік тапсырысты орындай отырып, көптеген университеттер болашақ маманның кәсіби қасиеттерін қалыптастыруда тұлғаны гуманистік бағытта тәрбиелеу жағын ескере бермейді. Кез келген салада мамандық дайындауда, студенттердің кәсібиленуінде гуманитарлық білім берудің алғышарты студенттің бейінді ойлауының дамуына, білім беру процесінде «білімді адамның» қалыптасуына әкеледі.

Медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне мәдениеттану не үшін қажет? – деген сұраққа профессор, м.ғ.д., Д. А. Балалыкин: «Қажет, себебі философиялық ілімнің іргелі негіздерін ұғынбай, классикалық тарихи білімсіз қазіргі заманауи дәрігер сыни тұрғыдан ойлана алмайды» – деген тұжырым жасайды [1]. Демек, жоғары медициналық білім беруде болашақ маманды тәрбиелеу процесінде мәдениеттану ерекше рольге ие. Бұл басқа да мамандықтарға тікелей қатысты. Белгіленген пәннің беделін түсірудің себептерінің бірі оның мәртебесі мен зерттеу объектісін дұрыс анықтамау. Мәдениеттану – қазіргі заманның ең жас гуманитарлық ғылымы. Ұзақ уақыт бойы отандық ғылыми ортада, тіпті мәдени қоғамдастықтың ішінде мәдениеттану мәртебесі туралы белсенді пікірталас жүрді. Пәннің тақырыбы мен объектісі туралы пікірлер «мәдени білімнің кез-келген проблемалануын толығымен жоққа шығарудан» маңызды танымдық әлеуетті мәдениеттану арқылы тануға дейін ауытқыды».

Мәдениеттану пәнаралық сипатқа ие интегративті ғылым. Бұл пәннің маңыздылығы туралы А. С. Запесоцкий атап өткендей мәдениеттану ғылымы позитивістік және антропологиялық тәсілдерді біріктіре отырып, болашақ маманның адам мен мәдениет туралы біртұтас идеяларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәдениеттану ғылымының алдында мәдениеттің генезисін, құрылымын, даму заңдылықтарын және қызметін жан-жақты зерттеу міндеті тұр [6].

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда «мәдениет» ұғымы көптеген семантикалық реңктері бар іргелі ұғымдардың қатарына жатады, нәтижесінде бұл терминнің мазмұнын дәл анықтау қиын болып көрінеді, бұл оның маңыздылығын дұрыс бағаламауға әкеледі. «Сөздердің мағынасын анықтаңыз, сонда сіз адамзатты қателіктердің жартысынан құтқарасыз» деген тұжырым бар.

Популяцияны құрайтын организмдер арасындағы өзара әрекеттесудің тиімділігі популяция шеңберінде тіршілікті сақтау және жалғастыруға тікелей байланысты болды (ұжымдық өмір сүру бағдарламасы деп аталады). Адамзат мәдениеті, іс жүзінде дәл сондай, тек оның әлдеқайда күрделі нұсқасы бағдарламасымен дамиды. Басқаша айтқанда, мәдениет адам болмысының ерекше биологиялық формасы, және ол ерекше мәртебеге ие. Кез келген ғылым қажеттіліктің салдарынан туындайды. «Мәдениет» ұғымы тек адамға ғана қатысты функционалды қызмет атқаратын ғылым. Көпсалалы даму үстіндегі әлеуметтің, қоғамның дұрыс қалыптасуындағы бастама мәдениетке тікелей байланысты.

«Адам» мен «мәдениет» ұғымы ажырамас байланысқа ие, себебі мәдениеттің болуы адамның биологиялық түр ретінде айрықша белгісі болып табылады. «Мәдени адам» негізінен априорлық аналитикалық

пайымдау болып табылады: адам адам болғандықтан ғана мәдениетті емес, ол мәдениетті болғандықтан адам. Осылайша, біз белгілі бір мәдениеттің аксиомасын тасымалдаушымыз, мәдениет кеңістігінде өмір сүреміз және бір – бірімізден мәдени даму деңгейі бойынша ерекшеленеміз [3].

Зерттеудің мақсаты – дәрігер адамның эмоционалды-рухани жағын көруге және сезінуге, оның кәсіби міндеттерін орындау барысында оның маңыздылығын ескеруге, оларға әсер ете білуге міндетті. Демек, медициналық жоғары оқу орындарында білім алушыларға мәдениеттануды оқыту маңызды мәселе екендігін анық айта аламыз. Дәрігер өзінің болашақ кәсіби қызметінде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Науқасқа диагноз қою, аурудың себебін анықтау, ең тиімді емдеу әдістерін ойластыру арқылы ол өзінің ойлауын, жеке басын негізге алуы керек. Бұл жағдайда мәдениеттану өзін табысты интеллектуалды позиция ретінде көрсете алатынын түрлі зерттеулермен сараптап, мәдени қажеттіліктер бүгінде әлеуметтік дамудың шешуші факторына айналғандығын дәлелдеу.

МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕР

Мақаланың ғылыми-әдістемелік негізі ретінде осы тақырып бойынша зерттеліп, баспадан шыққан еңбектер қолданылды. Зерттеулерді топтастыру мәселесімен шұғылданған ғалымдардың еңбектерін қарастыру барысында және оларды сараптап, талдау жасау кезінде: тарихи-объективтік, логикалық, жүйелілік, салыстырмалы талдау т.б. әдістері пайдаланыла отырып, тарихи-объективтік принципі негізінде орындалды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Соңғы кездері ғылыми ортада біз мәдени дағдарыс пен құлдырау сатысында тұрмыз деген тұрақты пікір бар. Бұл жерде жалпы мәдени дағдарыс туралы емес, классикалық мәдени дағдарыс туралы айту керек. Мәдени дағдарыс дегеніміз – бұл тек мәдени өзгерістер. Мәдениет ешқашан қатып қалған күйде болмайды: «Мәдениет морфологиясы» теориясының авторы, неміс ғалымы Лео Фробениустың пікірінше, мәдениет тірі организмге ұқсайды, яғни мәдениет табиғаттан тірі жаратылыс сияқты дүниеге келеді, өмір сүреді және өледі деген тұжырымдамасы орынды. Фробениус: Адам – мәдениеттің туындысы ретінде пайда болып, мәдениетті алып жүретін қолдаушысына айналады. Мәдениеттің жаны бар – бұл «пайдеума» (грек тілінен «*paideuma*» – «тәрбие», «білім алу») ол пайда болады, уақыт пен кеңістікте дамиды, өзгереді (мәдени динамика). Бұл өзгерістер мен модификацияларды бағалау үшін мәдени білім қажет.

Жоғары медициналық білім беру жүйесіндегі мәдениеттанудың орны туралы мәселеге оралсақ, оны тек ғылым ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру пәні ретінде қарастырып, мәдениеттанудың өзектілігін құзыреттілікке бағытталған тәсіл аясында атап өткен жөн. Мәдениеттанудың интегративті сипаты кез келген салада мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыруды кеңейтеді. Таза білім беру міндеттерінен басқа, мәдениеттану ме-

дицина мен мәдениеттің тығыз онтологиялық байланысын көрсетеді. Медицина мәдени контекстен тыс дами алмайды: оған мемлекеттің тарихи дамуының ерекшеліктері, қоғамда бар ойлау дәстүрлері мен стереотиптері, ұлттық мінез-құлық белгілері әсер етеді. «Кез келген медициналық жүйе мәдени контексті бар тарихтың өнімі болып табылады. Егер бұл контекст өзгерсе, онда медициналық жүйе де өзгереді» Яғни, адамзаттың өмір сүру салты, сол кездегі болмысы мәдениеттің өзгеріске ұшырауына ықпалы бар[2].

Медицина – бұл дәрігердің дүниетанымдық, адамгершілік, экологиялық мәдениетін қамтитын адам қызметінің ерекше көп қырлы түрі. Медицина мен мәдениет барлық қырларымен бір-бірімен байланысты және бір үлкен ортақ мәселені шешеді – ол сапалы адамның бар болуы.

Мәдениет пен медицина одағының мүмкіндігі «медициналық мәдениет» сияқты ұғымның болуын көрсетеді. Медициналық мәдениет – бұл күрделі және көп қырлы әлеуметтік-мәдени құбылыс, онда жеке адамның және тұтас қоғамның денсаулығы мен өмір сапасы, адам өмірінің ерекшеліктері көрініс табады. Сөздің кең мағынасында мәдениет адамзат қолдан жасағанның жиынтығы болса, медициналық мәдениет – сол мәдениетті жасайтын адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға әсер ету (медициналық, рухани-адамгершілік құндылықтар, пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынас тәсілдері және т.б.).

Медицина гуманитарлық зерттеулердегі салыстырмалы түрде жаңа бағыт. Оның қоғам өмірінің саласы ретіндегі ұстанымы көптеген жаңалықтар мен жетістіктерге байланысты түбегейлі өзгерді. Медицинаның өзі медициналық мәдениет ретінде анықталатын мәдениеттің жеке түрі ретінде әрекет етеді. Оның құрылымынан бірнеше компоненттерді атауға болады:

- халықтың күнделікті медициналық мәдениеті
- дәрігер мен пациенттің қарым-қатынас мәдениеті
- медициналық кәсіптік топ ішіндегі қарым-қатынас мәдениеті
- медицинадағы мәдени тәжірибелер
- медицинаның тарихи-мәдени мұрасы және т.б.

Адам және оның денсаулығын басты құндылықтар деп тану туралы жаһандық идеяны жүзеге асыру үшін қоғамның әлеуметтік ғана емес, сонымен бірге қоғамның бір біріне ұқсамайтын мәдениетін ескере отырып дамуға арнайы гуманитарлық білім қажет. Әкінішке орай, бүгінгі таңда отандық және әлемдік медицинаны дамытудың әлеуметтік-мәдени аспектілері бойынша іргелі зерттеулер жоқ. Алайда, осы салаға деген қызығушылықтың динамикасы олардың пайда болуын болжауға мүмкіндік береді, олар тек танымдық сипатта ғана емес, сонымен қатар практикалық себептермен де маңызды. Біздің жұмысымыз медицина мен мәдениеттің қиылысу салаларының кейбір аспектілерін көрсетуге тырысу [4].

Медициналық мәдениет адамдардың мақсатты іс-әрекеті процесінде пайда болды, адамның науқас күйде болуы, аурудың пайда болу себептері, адамның өмір сүру шегі, сондай-ақ адамның денсаулығы мен өмірін сақтауға арналған құралдарды әзірлеу. Емдеудің, медициналық қызметтің пайда болуының терең антропологиялық себебі – адамның ауырсынуды сезінетін туысына деген

жанашырлық сезімі. Бұл сезім адамның науқасқа көмек көрсетудегі ұтымды іс-әрекетінен бұрын пайда болады, ол иррационалды, бірақ адам табиғаты үшін соншалықты терең, ол адамзат тарихында медициналық қызмет пен медициналық мәдениеттің қалыптасуына түрткі болады.

Медициналық мәдениет әртүрлі гуманитарлық білімнің түрлерін синтездей отырып, өзінің дүниетанымдық жүйесінде, ауру, өмір, өлім, денсаулық сияқты категориялар туралы түсінігін дамытады. Жалпы мәдениет сияқты, оның этика және деонтология, аксиология, діни және эстетикалық сияқты өзіндік рухани жиынтығын қамтитын компоненттері бар. Бүгінде медициналық мәдениет аясында көптеген адамгершілік құндылықтарының өзгеруі байқалады: эвтаназия, трансплантология, эко, суррогат ана, сәбилерге күтім жасау мәселелерімен байланысты құндылықтар және т. б.

Жоғарыда айтылғандардың ішінен бірқатар аспектілерге байланысты медициналық білім берудегі мәдени білімнің өзектілігін келесідей талдауға болады:

1. Медицина саласындағы кәсіби мәселелерді қарастырғанда мәдени көзқарасты қолдану: «кез-келген мәселені әлеуметтік-мәдени жағынан қарау, адам қызметінің нәтижелерін білдіретін кодтарды оқи алу және белгілердің шифрын ашуға мүмкіндік беретін құралдарды қолдана алу, оны түсіндіру ауқымын кеңейтеді және түсінуді тереңдетеді» [5]. Мәдени өзгерістердің заңдылықтарын және олардың кәсіби қызметке әсерін түсіну.

2. Мәдени білім әлеуметтік, кәсіби, саяси, этникалық және конфессиялық бірлікті орнатуға ықпал етеді. Мәдениеттану пәні студентке тұлғааралық өзара қарым қатынас жасау процестерінде өз орнын түсінуге, құндылықтар мен нормалар жүйесі туралы түсінікті ұғынуға көмектеседі. Бұл кәсіби қалыптасу процесіндегі болашақ дәрігердің маңызды сәті, себебі ол өз қызметінде моральдық таңдауды қажет ететін әртүрлі әлеуметтік топтардың пациенттерімен, жағдайлармен бетпе-бет келеді.

3. Мәдениеттану дәрігердің кәсіби мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді: тек қана кәсіби жағдайларда емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық шұғыл көмек көрсету жағдайларда тиісті шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады.

4. Мәдениеттану кейбір медициналық мамандықтарда шығармашылық қызметке деген қызығушылықты оятады, мысалы, педиатр-дәрігердің (балалармен жұмыс істеу барысында) жұмысында белгілі бір маңызы бар.

5. Медициналық қызмет саласындағы адамның өзі емдеу құралы болып табылады, нәтижесінде оның кәсіби қасиеттерін мәдени білімнен тыс қалыптастыру мүмкін емес. Тек кәсіби қасиеттеріне ғана сенген адам, өзі ойлағандай жетістіктерге жете алмайды. Себебі ол өз кәсібіне деген сұранысқа тәуелді болады. Ал өз кәсібіне сұранысты арттыру үшін медицина қызметкері ең бірінші алдына келген пациентке өзінің мәдени деңгейін көрсету арқылы өз ісінің нағыз маманы екенін дәлелдей алады. Сондықтан, мәдениет – бұл қоршаған әлеуметтік хаоста өз жолын таба алу қабілетін қамтамасыз ететін адамның интеллектуалды дамуының деңгейі.

Медициналық білім берудегі мәдениеттанудың орнын анықтай отырып, медициналық мамандықтың сипа-

тын «элиталық» деп анықтау керек. Бір қызығы, өткеннің көптеген дәрігерлері медициналық қызметтен басқа, адам қызметінің басқа салаларына – өнер, философияға белсенді түрде жүгінді. Тарихқа жүгінсек, бірнеше мың жыл бұрын тіпті музыкалық терапияны науқасты емдеудің бір методикасы ретінде пайдаланған. Антикалық дәуірде Пифагор, Аристотель және Платон музыканың шипалық әсері бар екенін дәлелдеді. Ең ұлы дәрігер Авиценна (Ибн Сина) жүйке және психикалық ауруларды емдеуде музыкалық терапияны қолданған екен. Одан бері Аристотель, Ж. О. Ламетри, Ф. Шиллер, А. К. Дойл, А. Швейцер, к. Ясперс, А. Чехов еңбектерінде де өнердің адамның жан саулығын емдеуде маңызы зор екендігін айтады. Яғни, адамның ішкі жан тыныштығының күйі, тән саулығына да тікелей әсері бар екенін дәлелдейді. Бұл жағдай дәрігердің функциялары кәсіби құзыреттіліктің қажетті минимумынан асып түсетінін, оның ізденімпаздықты, креативті ойлауды, шығармашылыққа жақын, қажет болған жағдайда берілген алгоритмнен тыс шығуға қабілетті адам ретінде тәрбиелеуді қажет ететіндігін түсінуге мүмкіндік береді. Емдеу өнері өзінің кәсіби қызметінен «рөлдік автоматизмді» алып тастау үшін кем дегенде негізгі мәдени білімді қажет етеді. Медицина адам туралы білімінде тек рационалды, логикалық аспектілермен шектеле алмайды. Дәрігер адамның эмоционалды-рухани жағын көруге және сезінуге, оның кәсіби міндеттерін орындау барысында оның маңыздылығын ескеруге, оларға әсер ете білуге міндетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Бүгінгі таңда жүріп жатқан жаһандану үрдісі әрбір ұлттық мәдениеттің өзіндік бірегейлігін сақтап қалуы, басқа мәдениеттер арасында сіңісіп жойылып кетпеуі үшін жаңаша қарқынды іс-қимылдар жасауда тиімді әдіс-тәсілдер қалыптастыруын қажет етіп отыр. Осыған байланысты мәдениетті зерттеудің мүддесін объектіден субъектіге аудару, оның негізінде оқырманды креативті тұлға ретінде тәрбиелейтін, танитын жаңа көзқарас өте қажет.

2. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, медициналық жоғары оқу орындарында білім алушыларға мәдениеттануды оқыту маңызды мәселе екендігін анық айта аламыз. Дәрігер өзінің болашақ кәсіби қызметінде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Науқасқа диагноз қою, аурудың себебін анықтау, ең тиімді емдеу әдістерін ойластыру арқылы ол өзінің ойлауын, жеке басын негізге алуы керек. Бұл жағдайда мәдениеттану өзін табысты интеллектуалды позиция ретінде көрсете алады, себебі мәдени қажеттіліктер бүгінде әлеуметтік дамудың шешуші факторына айналууда.

3. Мәдениеттануды оқу жоспарынан алып тастау медицина саласына қауіп төндіреді. Қоғамды құраушы кез келген әлеуметтік сала саясат, экономика немесе денсаулық болсын, біз «түзетуге» тырысатын барлық нәрсе мәдениеттің өнімі болып табылады және осы салалардың «денсаулығы» біздің жалпы адамзаттық мәдениетіміздің «денсаулық» жағдайына байланысты болады.

4. Мәдениеттану пән ретінде қазіргі білім берудегі құзыреттілікке бағытталған тәсіл аясында ерекше өзектілікке ие. Оның интегративті сипаты жалпы мәдени ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру саласындағы басқа жалпы гуманитарлық пәндермен салыстырғанда оқу-білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мәдениеттану – бұл бастапқыда гуманитарлық ғылым, сондықтан көптеген медициналық мәселелерді шешуде ондағы гуманитарлық әлеуетті ескермеу кешірілмейді.

Авторлардың қосқан үлесі:

А. А. Ахатова, С. М. Аралбай – зерттеу тұжырымдамасы және дизайны.

А. А. Ахатова, К. Ж. Абдрахманова, С. М. Аралбай – материалды жинау және өңдеу.

А. А. Ахатова, С. М. Аралбай – статистикалық өңдеу.

А. А. Ахатова – мәтінді жазу.

Мүдделер қақтығысы. Мақаланы дайындау барысында байқалған жоқ.

ӘДЕБИЕТ

1. Зачем вообще нужны история и культурология студентам технических и медицинских вузов? https://www.ng.ru/science/2014-11-26/10_news.html?id_user=Y

2. Ковтюх Г.С., Козлова М.А. Взаимосвязь медицины и культуры. *Лечебное дело*. 2016; 2: 71-75.

3. Кургузов В.Л. Почему нужна культурология в высшей школе? *Новая университетская жизнь*. 2010; 1. <http://gazeta.sfu-kras.ru/node/2024>

4. Медведева Л.М. Медицина и культура. *Учебное пособие*. Волгоград: Изд-во Волг МУ; 2014: 184.

5. Место культурологии в образовательном процессе. http://studopedia.ru/10_150068_mestokulturologii-v-obrazovatel'nom-protssesse.html

6. Резник Ю.М. Культурология как проект общей науки о культуре. *Обсерватория культуры*. 2011; 3: 4-12.

TRANSLITERATION

1. Zachem voobshhe nuzhny istorija i kul'turologija studentam tehniceskikh i medicinskih vuzov? https://www.ng.ru/science/2014-11-26/10_news.html?id_user=Y

2. Kovtjuh G.S., Kozlova M.A. Vzaimosvjaz' mediciny i kul'tury. *Lechebnoe delo*. 2016; 2: 71-75.

3. Kurguzov V.L. Pochemu nuzhna kul'turologija v vysshej shkole? *Novaja universitetskaja zhizn'*. 2010; 1. <http://gazeta.sfu-kras.ru/node/2024>

4. Medvedeva L.M. Medicina i kul'tura. *Uchebnoe posobie*. Volgograd: Izd-vo Volg MU; 2014: 184.

5. Mesto kul'turologii v obrazovatel'nom processe. http://studopedia.ru/10_150068_mestokulturologii-v-obrazovatel'nom-protssesse.html

6. Reznik Ju.M. Kul'turologija kak projekt obshhej nauki o kul'ture. *Obsevatorija kul'tury*. 2011; 3: 4-12.

Поступила 06.04.2023

Направлена на доработку 12.04.2023

Принята 24.05.2023

Опубликована online 31.03.2025

A. A. Akhatova^{1*}, S. M. Aralbay¹, K. Zh. Abdrakhmanova¹

THE IMPORTANCE OF CULTURAL STUDIES TEACHING TO MEDICAL STUDENTS

¹Non-Commercial Joint-Stock Company «Karaganda Medical University» (Republic of Kazakhstan, Karaganda city, Gogolya str., 40; e-mail: info@qmu.kz)

Aigul Arysylanovna Akhatova – Assistant Professor of the department of Kazakhstan history and socio-political disciplines, Karaganda Medical University NC JSC; 100000, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Gogol st., 40; e-mail: aigul-479@mail.ru

Aim. Explaining the importance of the subject of cultural studies for medical students, to prove that this subject is a key decisive factor in social development.

Materials and methods. The published works on this topic were studied and used as the scientific and methodological basis of the article. When considering and analyzing the works of scientists dealing with the problem of grouping studies, they were carried out on the basis of the historical-objective principle using methods: historical-objective, logical, systematic, comparative analysis, etc.

Results and discussion. The relevance of education in teaching cultural studies in medical education is analyzed. The integrative nature of cultural studies expands the formation of cultural competencies in any field. In addition to purely educational tasks, cultural studies show a close ontological connection between medicine and culture. Medicine cannot be limited in its knowledge of man only to rational, logical aspects. A doctor is obliged to see and feel the emotional and spiritual side of a person, take into account its significance in the process of performing professional duties, and be able to influence them.

Conclusions. Defining the interdisciplinary nature of cultural studies and the content of the subject of research, the authors pay attention to the interpretation of the term “culture” in the educational space of medical universities and consider the relationship between culture and medicine. Having identified the possibility of a union of culture and medicine, the authors were given the concept of “medical culture.” Medical culture is a complex and multifaceted sociocultural phenomenon, which reflects the health and quality of life of the individual and society as a whole, and the characteristics of human life. Considering the integrative nature of cultural studies, the authors point to its unique capabilities in the field of developing general cultural and professional competencies. As a result of the analysis, the position on the need for cultural knowledge in medical education is proven.

Key words: cultural studies; medical culture; higher medical education; cultured person; humanitarian education

A. A. Ахатова^{1*}, С. М. Аралбай¹, К. Ж. Абдрахманова¹

ЗНАЧИМОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ КУЛЬТУРОЛОГИИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКОГО ПРОФИЛЯ

¹Некоммерческое акционерное общество «Медицинский университет Караганды» (100008, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Гоголя, 40; e-mail: info@qmu.kz)

*** Айгуль Арыслановна Ахатова** – ассистент профессора кафедры истории Казахстана и социально-политических дисциплин, НАО «Медицинский университет Караганды»; 100000, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Гоголя, 40; e-mail: aigul-479@mail.ru

Цель. Объясняя важность предмета культурологии для обучающихся-медиков, доказать, что данный предмет является ключевым решающим фактором социального развития.

Материалы и методы. В качестве научно-методической основы статьи были изучены и использованы опубликованные работы по данной теме. При рассмотрении и анализе работ ученых, занимающихся проблемой группировки исследований, были выполнены на основе историко-объективного принципа с использованием методов: историко-объективного, логического, системного, сравнительного анализа и др.

Результаты и обсуждения. Проанализирована актуальность образования в преподавании культурологии в медицинском образовании. Интегративный характер культурологии расширяет формирование культурных компетенций в любой сфере. Помимо чисто образовательных задач, культурология показывает тесную онтологическую связь медицины и культуры. Медицина не может ограничиваться в своем познании человека только рациональными, логическими аспектами. Врач обязан видеть и чувствовать эмоционально-духовную сторону человека, учитывать его значимость в процессе выполнения профессиональных обязанностей, уметь на них воздействовать.

Выводы. Определяя междисциплинарный характер культурологии и содержание предмета исследования, авторы обращают внимание на трактовку термина «культура» в образовательном пространстве медицинских вузов и рассматривают взаимосвязь культуры и медицины. Определив возможность союза культуры и медицины, авторам было дано понятие «медицинская культура». Медицинская культура это сложное и многогранное социокультурное

явление, в котором отражается здоровье и качество жизни личности и общества в целом, особенности жизнедеятельности человека. Учитывая интегративный характер культурологии, авторы указывают на ее уникальные возможности в области формирования общекультурных и профессиональных компетенций. В результате анализа доказывается позиция о необходимости культурных знаний в медицинском образовании.

Ключевые слова: культурология; медицинская культура; высшее медицинское образование; культурный человек; гуманитарное образование